

ГТАХР 06.71.02
ӘОЖ 001.895:552.578.2 (574)

А.К. КАДЫРБЕРГЕНОВА,¹
PhD.

М.К. БАЙМУХАШЕВА,¹

э.ғ.д., профессор.

Ж.О. ИМАШЕВА,¹

доцент.

Атырау мұнай және газ университеті¹

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ПОЛИМЕР ӨНДІРІСІН ЖЕТІЛДІРУ БАҒЫТТАРЫ

Аңдатпа

Қазақстан Республикасы, экономикасы тұрақты дамушы мемлекет ретінде, бар күшін экономиканы диверсификациялауға және қайта өңдеуші өндіріс құрып, оларды дамытуға жұмсауда. Қазақстанда алынған мұнай-химия өнімі экономиканың индустриялық дамуының мультипликативтік әсеріне ықпал ететін болады. Себебі, өндірілетін базалық өнім экономиканың шектес салалары үшін қосымша құны жоғары өнеркәсіптік және тұрмыстық бағыттағы өнімді, атап айтқанда, құрылыс, орау, қаптау материалдары және пластмассалық аспаптар мен бұйымдар және тағы басқа өнімдерді шығару үшін шикізат болып табылады. Қазақстан Республикасында полимер өнімдерін нарыққа жылжыту және мұнай-химия өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың бірінші жолы – ЕЭО-ға мүше мемлекеттерде ішкі нарықты дамыту немесе жан басына шаққандағы полимерді тұтынуды жоғарлату есебінен ұлғайту болады. Тұрғындардың өсуі және тұрғындардың жан басына шаққандағы кірісінің артуы дамушы елдерде байқалады, оларда дамыған елдермен салыстырғанда тауарларды тұтынудың неғұрлым тез өсуіне алып келеді. Полимер өнімдері өндірісі саласын дамытудың негізгі мақсаты – ішкі нарықты қалыптастыру және кеңейту, ол үшін полимерден жасалған замануи материалдарды кеңінен қолдануға жағдай жасау қажет. Ішкі тұтынудың өсімі қарқынын ынталандыру полимерден дайындалған дайын өнімдердің импортын алмастыруды жүзеге асыру, полимер экспортынан жоғары аралықты дайын өнімдер шығаруға көшу экономикада мультипликативті тиімділік алуға мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: мұнай-химия өнеркәсібі, мұнай мен газды терең өңдеу, мультипликативті тиімділік, ішкі нарық, қайта өңдеу өндірісі.

Қазақстанда түрлі мұнай-химия өндірістерін құру үшін негізді (базалық) мұнай-химия өнімдерін алу өндірісін жасау қажет. Осы сектор қажеттілігі үшін жыл сайын орта есеппен 400–450 млн АҚШ доллары полимерлік шикізаттары импортталады.

Экономикамыздың жаңа саласы бастапқы қалыптасу сатысында тұр. Химия өнеркәсібінің елдің ЖІӨ құрылымындағы үлесі 2016 жылдың 9 айы бойынша 0,24%-ды және 2015 жылдың қорытындысы бойынша 0,46%-ды құраған. Өңдеу өнеркәсібі құрылымында өндіріс көлемі бойынша химия өнеркәсібі 2016 жылдың 9 айы бойынша 3,4%-ды және 2015 жылдың нәтижесі бойынша 4,5%-ды құрады.

2017 жылы өндірілген өнеркәсіп өнімінің көлемі республикада 22 790,2 млрд теңгені құрады, яғни 2016 жылдың деңгейіне 107,3%-ды құрады. 2018 жылы өндірілген өнеркәсіп өнімінің көлемі республикада 27 218,1 млрд теңгені құрады, яғни 2017 жылдың деңгейіне 104,4%-ды құрады.

2018 жылы өңдеу өнеркәсібінде өндіріс 4,5%-ға өсті. Негізінен мұнай өңдеу өнімдері (109,7%), химиялық өнеркәсіп өнімдері (108,7%) құрады.

2019 жылғы қаңтар-маусым 2018 жылғы қаңтар-маусымға 103,4%-ға артқан, ал 2019 жылғы қаңтар-маусым 2015 жылғы қаңтар-маусымға 116,4%-ды құраған. Өнеркәсіптік өндірістің индексі, 2017 жыл 2016 жылға 105,6%-ды құраған. Өнеркәсіптік өндірістің индексі, 2018 жыл 2017 жылға 104,5%-ға артқан.

Негізді мұнай-химияның өндіріс көлемі 2012 жылдан 2016 жылға дейін 22 есеге өскен, 2016 жылы өндіріс көлемі – 22 998 166 млн теңгені құраса, 2012 жылы 19 378 мың теңгені құраған болатын (кесте 1, б. 105). 2017 жылы көрсеткіш 28 646 596 мың теңгені құраған, яғни

2017 жылғы қаңтар-желтоқсан 2016 жылғы қаңтар-желтоқсанға 114,3%-ға артқан, 2017 жылғы қаңтар-желтоқсан 2015 жылғы қаңтар-желтоқсанға 109,8%-ды құраған. 2019 жылғы қаңтар-маусым 2018 жылғы қаңтар-маусымға 166,7%-ға артқан, 2019 жылғы қаңтар-маусым 2015 жылғы қаңтар-маусымға 220,7%-ды құраған.

Кесте 1 – 2010–2018 жж. аралығындағы өндіріс көлемі, млн теңге

Көрсеткіштер	2010 ж.	2011ж.	2012 ж.	2013ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж	2018 ж
Өңдеуші өнеркәсіп	3 844 658	4 801407	5 446749	5 882 456	6 089 645	5 949 728	8 046 845	9 400 848	10 403 854
Химия өнеркәсібі	104 107	147929	178971	184 919	229601	260010	277280	333 328	401 141
Негізді (базалық) мұнай-химия	11 647	17189	19378	16 575	18 911	17 880	22 998	28749	38903
Ескертпе – ҚР Статистика Комитеті мәліметтері [1].									

2016 жылдың 9 айының нәтижесі бойынша мұнай-химия өнімдері өндіріс көлемі 17,3 млрд теңгені құрады. Оның 8 млрд теңгесі бастапқы формадағы пластмасс және 9,2 млрд теңге басқа да негізгі органикалық химиялық заттар өндірісіне жатады. Статистикалық деректер бойынша 2016 жылы негізді (базалық) мұнай-химия үлесінің меншікті салмағы жалпы химия өнеркәсібі көлемінде 8,5%-ды құрады, 2008 жылмен салыстырғанда 4,9%-ға жақсарған. Өңдеу өнеркәсібі көлемінде негізді мұнай-химия үлесі 2008 жылы 0,2%-дан 2012 жылы 0,4%-ға дейін өсті.

Өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің өндіріс көлемі, 2014 жылы 6 089 644,786 млн теңге болса, 2015 жылы 5 949 728,381 млн теңгені құраған, 2016 жылы 8 046 844,512 млн теңге, ал 2017 жылы бұл 9 156 308,774 млн теңгені құраған, яғни 2017 жылғы қаңтар-желтоқсан 2016 жылғы қаңтар-желтоқсанға 105,1%-ға артқан. 2017 жылғы қаңтар-желтоқсан 2015 жылғы қаңтар-желтоқсанға 105,7%-ды құраған.

Мұнай-газ химиялық өнімдерінің өнеркәсіптік өндіріс индексі, 2016 ж. 2015 ж. сәйкес кезеңмен салыстырғанда 96,1%-ды құраған. 2017 жылғы қаңтар-желтоқсан айларына 114,3%-ды құрады.

Полимер шикізатын ақырғы өңдеу сегменті де айтарлықтай белсенді дамуда. Қазақстанда резина және пластмасс бұйымдары өндірісіне жұмыс жасайтын 1944 ірі және орта кәсіпорындар құрылған: полимер трубалары, түрлі жылу ұстағыштар, сэндвич-панельдер, полимерлік қораптар және т.б.

Қазақстан нарығына полимердің басты жеткізушілері болып ТМД елдері (полиэтилен, полипропилен, полистирол) және Қытай, ЕО мемлекеттері, Иран, Ислам Республикасы, Сауд Арабия және Оңтүстік Корея табылады. Қазақстанда мұнай-химия өнімдерін, соның ішінде полимерлерді тұтыну тенденциясы – ұзақ мерзімді деп болжаймыз, бұны тауарлар және қораптамалар өндірісінде оларды тұтынудың жан басына шаққанда артуынан байқауымызға болады.

Кесте 2 – Қазақстандық полимер өнеркәсібі дамуының SWOT-талдауы


Күшті жақтары	Мүмкіндіктер
<ul style="list-style-type: none"> ◆ Шикізат және энергия ресурстарымен қамтылуы ◆ Шикізатқа ағымдағы бағада өндірістің өзіндік құнының төмендігі 	<ul style="list-style-type: none"> ◆ Әлемдік нарықта полимерге сұранымның артуы ◆ Ассортиментті кеңейту: нарықтың талап еткен маркалары сегментінде экспорттық әлеуетті кеңейту ◆ Жаңа замануи қуаттылықты дамыту ◆ Әртараптандырылған өткізу желісін дамыту
Әлсіз жақтары	Қауіптер
<ul style="list-style-type: none"> ◆ Шикізатты жеткізушілерге тәуелділік 	<ul style="list-style-type: none"> ◆ Экономикалық тұрақсыздық (жергілікті және жаһандық деңгейде)

2-кестенің жалғасы


<ul style="list-style-type: none"> ◆ Қоспа және катализаторлардың шетелдік жеткізушілеріне тәуелділік ◆ Өнімнің шектелген ассортименті ◆ Инновациялық әлеуеттің жетіспеушілігі, технология және құралдардың шетелдік жеткізушілеріне тәуелділік 	<ul style="list-style-type: none"> ◆ Бағаның құбылмалығы ◆ Өндірісте және полимерлерді жою не кәдеге жаратуда экологиялық заңдылықтың қатаюы ◆ Субститут-тауарлар (био-полимерлер) тарапынан бәсекелестіктің артуы, сонымен қатар полимерді екінші реттік қолданудың көлемінің артуы ◆ Полимер өнімдерінің жаңа стандартына көшу (неғұрлым жұқа пленкалар, неғұрлым жеңіл ПЭТ-преформалар т.б.) ◆ Шығындардың өсімі (шикізат, электроэнергия, транспорттық тарифтер) ◆ Шетел жеткізушілері тарапынан бәсекелестіктің артуы (ТМД елдерінде жаңа қуаттардың енгізілуі, арзан шикізатты елдерде қуаттылықтың артуы) ◆ Реттелетін шаралардан анықталмаған тиімділік («салықтық маневр»)
<p>Ескертпе – Авторлар құрастырған.</p>	

Зерттеу жұмысында отандық полимер өнеркәсібі дамуына SWOT-талдау жүргізілді. Талдау нәтижесінен елімізде полимер өнімдері өндірісін жандандыруға мол мүмкіндік бар екені анықталды, атап айтқанда: шикізат және энергия ресурстарымен толық қамтылуы, полимер өнімдерін өндіру үшін өндірістің өзіндік құнының төмендігі сияқты күшті жақтарымен қатар, жаңа замануи қуаттылықты, әртараптандырылған өткізу желісін дамыту мүмкіндігі – әлемдік нарықта полимерге сұранымның артуы, ассортиментті кеңейту, яғни нарықтың талап еткен маркалары сегментінде экспорттық әлеуетті кеңейтуге жол ашады. Шикізатты жеткізушілерге тәуелділік, өнімнің шектелген ассортименті, инновациялық әлеуеттің жетіспеушілігі, технология және құралдардың шетелдік жеткізушілеріне тәуелділік сияқты өнеркәсіпті дамытудағы әлсіз тұстарымызды Республиканың 2021–2023 жылдарға жоспардағы отандық полипропилен, этилен және бутадиен өнімдері өндірісі арқылы шеше аламыз. Сондай-ақ салада жергілікті және жаһандық деңгейдегі экономикалық тұрақсыздық, бағаның құбылмалығы, өндірісте және полимерлерді жою не кәдеге жаратуда экологиялық заңдылықтың қатаюы, субститут-тауарлар (био-полимерлер) тарапынан бәсекелестіктің артуы, полимер өнімдерінің жаңа стандартына көшу, шикізат, электроэнергия, транспорттық тарифтерге шығындардың өсімі, шетел жеткізушілері тарапынан бәсекелестіктің артуынан болатын қауіптер де бар. 2016 жылы мұнай және газ конденсаты қорының жалпы өсімі 7,2 млн тоннаны, табиғи газдың қоры бойынша Қазақстан әлем бойынша 2016 жылы 24 орынды иеленеді, яғни жалпы әлемдік қорлардағы үлесі 0,5%-ды құрайды. Республиканың осындай әлеуеті елімізде отандық полимер өндірісін дамытуға зор мүмкіндіктің бар екенін көрсетеді. Қазақстанның негізгі сату нарықтарынан қашықтығын ескеріп, әлемдік нарыққа шығуда оған қол жетімді елдермен кооперация не біріккен кәсіпорын құру маңызды екені айқын болып тұр.

Бірігудің қағидалық жаңа деңгейі жақын келешекте сапалы үйлестірілімді өнеркәсіп саясатына өтуді іске асыруға мүмкіндік береді. Бұл ЕЭО қатысушы мемлекеттері арасында полимер өндірісінен байқалады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, полимер өндірісі саласы және полимер тауарлары аса қарқынды даму үстінде, ал саладағы тұтынушылар саны бойынша ол өнеркәсіп өндірісінің барлық саласын қамтып отыр. (Мұнай-химия саласындағы бір жұмыс орны тағы да төрт жарым жұмыс орнын құрады және мұнай-химия саласындағы жалпы ішкі өнімнің 1 теңгесі, экономикадағы ЖІӨ 2 теңгенің қосымша құралын құрайды). Полимерден түскен қосымша 100 евро ЖІӨ 250 евроға дейін әкеледі, 1 жұмыс орны 3 жұмыс орнына дейін өседі. 2014–2015 жылдарда полимердің әлемдік өндірісі 260 млн тонна, полимердің негізгі өңірлік өндірушілері Қытай – 24,8%, Европа – 20%, НАФТА – 19,4% және Таяу Шығыс – 7,3%, ЕЭО мүше мемлекеттер үлесіне әлемдік өндірістің 2,9%-ы келеді (сурет 1, б. 107).



Сурет 1 – Полимердің әлемдік өндірісі




Сурет 2 – Полимердің әлемдік өндірісінің құрылымы

Ескертпе – [2, 3] деректері негізінде авторлар құрастырған.

Өндіріс құрылымында мынадай полимерлер басымдырақ: полиэтилен – 29%, полипропилен – 19%, поливинилхлорид – 11%, полистирол – 6,5%, полиэтилентерефталат – 6,5% және полиуретан – 7% (сурет 2).

Полимерді пайдаланушы негізгі салалар қаптама – 40%, құрылыс – 21%, автомобиль құрылысы – 8% және электроника – 5%, ал негізгі өндірістік үрдістер – балқыту немесе құйма, кептіру немесе үрлеу, сығып құю, тығыздау және бумен өңдеп үтіктеу.



Сурет 3 – Полимерді әлемдік тұтыну құрылымы

Ескертпе – [2, 3] деректері негізінде құрастырылған.


Қазіргі уақытта әлемде полимерді тұтыну көлемі 210 млн тоннадан асты.

Тұтынудың айтарлықтай едәуір үлесі полиэтиленге – 37%, екінші орында – полипропилен (шамамен 26%), үшінші орында – поливинилхлорид (шамамен 18%) (сурет 3). Әлемдік нарыққа полимерлерді ірі жеткізушілер – Қытай, Оңтүстік Корея, ЕО елдері. Ең жоғары бәсекелестік – полипропилен нарығында. Басқа полимерлерге қарағанда, мұнда басты ойыншы Сауд Арабиясы. Оған сыртқы сауда жеткізілімінің 16%-ы тиеселі. Стирол және ПЭТ полимерінің сегментінде 30%-дық үлеспен Қытай жеткізушілері көш басында. Полимердің ірі импорттаушысы, ішкі өндірісінің қарқынды өсіміне қарамастан Қытай қалып отыр. Сонымен қатар, полимер импортының құрамында – Түркия, ЕО және АҚШ елдері де бар [3].


ЕЭО мемлекеттерінің полимерді өндіру және тұтынуына келер болсақ, саланың дамуының қазіргі негізгі мәселесі бастапқы шикізатты алу бойынша өндірістік қуаттылықтың жетіспеуі болып отыр. Сұраныс артып жатыр, оның орнын полимер және полимер өнімдерінің импорты басып отыр. Бұл жағдай этилен пиролизі бойынша қуаттылықтың жетіспеушілігінен болып отыр. Пропандық фракциялар негізінен полипропилен өндірісінде қолданады, бұл өнімге деген сұраныс жылына 9%-ға артып отыр. ЕЭО мүше мемлекеттерінде пиролиз дамуының деңгейі нақты уақытта төмендеу. Қуаттылықты арттыру әрекеттегі пиролиз қондырғысын жаңғырту есебінен болып отыр.

Біріккен кәсіпорын құруға негіз болатын полимер өнімдері бойынша ЕЭО-ға мүше мемлекеттердің өзара саудасына тоқталатын болсақ, соның ішінде Қазақстан Республикасының көптеген базалық мұнай-химия өнімдерінің экспорты төмен және полимер бұйымдары негізінен импортқа тәуелді (сурет 4).

Беларусь Республикасының сыртқы саудасында полиамид экспортының жоғары екенін көреміз. Республикада полиэтилен және полиацеталь өнімдерінен басқасының барлығы дерлік импортқа тәуелді (сурет 5).




Сурет 4 – Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы




Сурет 5 – Беларусь Республикасының сыртқы саудасы

Ескертпе – [3] деректері негізінде құрастырылған.

Ресейдің сыртқы саудасына келер болсақ, бұрында айтқандай Ресей мемлекеті ЕЭО мүше мемлекеттері ішінде полимер өнімдері өндірісі, оның экспорты мен импорты бойынша да алға бастап тұр (сурет 6). Қазақстан Республикасына келетін полимер өнімдері импортының басым бөлігі Ресей мемлекетінен жеткізілген.




Сурет 6 – Ресей мемлекетінің сыртқы саудасы




Сурет 7 – Беларусь Республикасы және Ресейдің өзара саудасы

Ескертпе – [2, 4] деректері негізінде құрастырылған.

Сонымен бірге өзара сауда көлемі сыртқы сауда көлеміне қарағанда Беларусь Республикасы мен Ресейдің өзара сауда көлемін қоспағанда едәуір төмен деңгейде (сурет 7). Беларусь Республикасы мен Ресейдің өзара сауда көлемі полиэтилен, полиацеталь өнімдері бойынша Беларусь мемлекеті басымдырақ болса, қалған полимер өнімдерінен Ресейдің импорты басымдырақ болып отыр, Қазақстан мен Ресей мемлекетінде өзара сауда көлемі полимердің жеке түрлері бойынша (полиэтилен, поливинилхлорид және полиацеталь) болып отыр. Қазақстан мен Беларусьияның өзара саудасы полимер өнімдері бойынша жоқтың қасы деп айтуға болады. Қазақстан және Ресейдің полимер өнімдері өзара саудасында поливинилхлорид өнімі бойынша Қазақстан басымдырақ болып отыр (суреттер 8, 9, б. 109).



Сурет 8 – ҚР және Ресей мемлекетінің полимер өнімдерінен өзара саудасы



Сурет 9 – ҚР және БР полимер өнімдерінің өзара саудасы

Ескертпе – [1, 2] деректері негізінде авторлар құрастырған.

Талданған мәліметтерге негізделіп, мынадай қортынды жасауға болады, саланың дамуының негізгі мәселесі қазіргі уақытта бастапқы шикізатты алу бойынша өндірістік қуаттылықтың жетіспеуі. Сұраныс артып жатыр, оның орнын полимер және полимер өнімдерінің импорты басып отыр. Бұл жағдай этилен және пропилен пиролизі бойынша қуаттылықтың төмендігінен болып отыр. Сонымен қатар, Ресей мемлекетінде 2020 жылы этилен пиролизі бойынша жиынтық қуаттылығы 7,6 млн тоннаны құрайтын 7 жаңа кәсіпорынды іске қосу көзделуде. Сонда 2020 жылы ЕЭО аймақтарында 10,8 млн тонна қуаттылығы бар өндіріс қызмет етеді. 2006 жылдан 2016 жылдарға дейін әр түрлі полимерлер өндірісі бойынша қуаттылық 2,5 млн тоннаға артқан, соның ішінде полипропилен – 965 мың тонна, полиэтилен – 500 мың тонна, ПЭТФ – 446 мың тонна, ПВХ – 330 мың тоннаға артқан. Ал өңдеушілер 1,5 есеге қалып қойды: он жыл ішінде өңдеушілер қуаттылықтарын 1,6 млн тоннаға ғана арттырған. 2012–2016 жылдарда пластмасс өндірісі 3,5 млн тоннадан 5 млн тоннаға дейін артты, ал тұтыну 5 млн тонна шамасының аумағында ғана болды. 2010–2014 жылдар аралығында полимер және оның өндірісі үшін шикізат бағасының арасындағы айырмашылық 20 000–30 000 рубль (100 000–150 000 мың теңге) болды. Ал 2016 жылы полипропилен үшін спредтер 47 000 рубльге (258 500 теңге), этилен үшін 55 000 рубльге (302 500 теңге) жоғарлаған.

Қазіргі уақытта ПВХ-тен басқа барлық қаралып отырған полимер өнімдерінің инвестициялық жобаларын іске асыру мүмкіншіліктері қаралуда.

ПП және ПС жаңа өндірісінің және оның жобалық қуаттылығының іске қосылуы 2019–2020 жылдардың аяғына деп күтіледі.

Ресейде ірітоннажды полимерлер бойынша қуаттылық 2020 жылы келесідей қуаттылыққа жетеді деп күтіледі:

- ◆ полипропилен бойынша – 2210 мың тонна (+57%);
- ◆ стироль пластиктары бойынша – 700 мың тонна (+40%);
- ◆ полиэтилентерефталат бойынша – 1452 мың тонна (+47%).

Полипропилен 810 мың тоннаға, полистирол 200 мың тоннаға, полиэтилентерефталат бойынша – 936 мың тоннаға артады деп көзделеді.

Зерттемеде анықталғандай, ЕЭО қатысушы мемлекеттердегі 2021 жылға дейін көзделген жобалардың жүзеге асырылуынан негізгі полимерлер бойынша импорттың 2021 жылға дейін толығымен жабылатынын көрсетеді. Тек шикізаттың профициті емес, полимер өндірісінің профициті де орын алады (екі технологиялық тізбек, шикізат және полимер өнімдері де профицитті тауарлар болады). Полимер нарығының көлемі алға қарай артып, бұл ЕЭО-дағы ірі өндірушілердің үштігіне және полимер өндірісінің профицитіне алып әкеледі. ЕЭО қатысушы мемлекеттерде 2021 жылға дейін жүзеге асырылуы қаралған, инвестициялық жобалар кестеде берілген (кесте 3, б. 110).

Кесте 3 – ЕЭО қатысушы мемлекеттерде 2021 жылға дейін жүзеге асырылуы қаралған, инвестициялық жобалар

Өнім/компания	Қуаттылығы, жылына мың тонна	Күтілетін жүзеге асырылу мерзімі, жыл	Іске қосудың ықтимал уақыты (МЗС мәліметтері негізінде), жыл
Қазақстан Республикасы			
Полипропилен			
«Казахстан Петрокемикал Индастриз Инк»	500	2021	2021
Полиэтилен			
«KLPE» (КейЭлПиИ) ЖШС	800	–	2022
Бутадиен			
«Бутадиен» ЖШС	250	–	2021
Полибутадиенді каучук өндірісі			
«HQ rubber production and distribution» ЖШС	125	–	2022
Параксиллол			
«АМӨЗ» ЖШС	496	2018	2019
Ресей мемлекеті			
Полипропилен			
«Сибур Холдинг» (Томснефтехим) ЖАҚ	10	2016	2016 ж. қыркүйекте іске асты
«Нижнекамскнефтехим» ААҚ	180	2018	2020
«Сибур Холдинг» (ЗапСибнефтехим) ЖАҚ	500	2019	2020
«Сибур Холдинг»/ ААҚ «Газпром нефть» ААҚ	30	2018	–
«АНК «Башнефть» ААҚ	100	2019	2020
Поливинилхлорид			
«БСК» ААҚ	55	2018–2020	2016
Полистирол			
«Нижнекамскнефтехим» ЖАҚ	200	2019	2020
Полиэтилентерефталат			
«Этана» таза полимер зауыты	486	2017	2018
«КТК «Иврегионсинтез» ААҚ	200	2017	2017
«СафПЭТ» ЖШҚ	250	2019	2019
Этилен			
ААҚ «Газпроммұнайхим Салават»	700	2017	2019
ЖАҚ «Шығыс мұнайхимиялық компания»			
«Саян» газхимиялық зауыты	610	2017	2019
«Каспий» газхимиялық зауыты	600	2017	2019
«Тобльск-Мұнайхим» ЖШҚ	1200	2017	2020
Балтика МХК, Ленинград облысы	3050	2019	2021
«Нижнекамскмұнайхим» ААҚ	1000	2020	2021
Этилен бойынша барлығы	7660	2010–2021	
Этилен бойынша барлығы+әрекеттегі қуаттылықтар			10830
Ескертпе – [5, 6, 7] ақпарат көздері мәліметтері негізінде құрастырылған.			

Осы тұрғыда, нақты уақытта қуаттылықтың төмендігін ескере отырып, ал алға қарай оның артуын ЕЭО-ға мүше елдермен бірігіп қызмет ету арқылы біріккен кәсіпорын, қауымдастық немесе кооперациялық негізде шеше аламыз. Қазіргі жағдайда жұмыс жасап тұрған өндірістерді кеңейтумен қатар жаңа өндірістерді салу шараларын өткізу қажет. Қазақстанның мұнай-химия нарығының даму болашағы қолданыстағы нарықтың кенеюі немесе олардың жаңа бағыттарының пайда болуына байланысты. Полимер өнімдерінің ішкі нарығын қолдаудың тағы

бір бағыты ЕЭО Келісімшарты шеңберінде кедендік-тарифтік реттеу болуы керек. Бастапқы кезеңде жоғары аралықтағы өнімдерге жоғары баж салығын сақтау қажет, ол кейде шетел баламаларына қарағанда қымбатқа түсетін отандық шикізатты тұтыну жағдайында полимерден бұйым өндірушілердің бәсекелестік артықшылығын қолдауға мүмкіндік береді. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей мұнай-газ секторында әмбебап және икемді салық салу жүйесі жоқ, сондықтан мемлекеттің салық саясаты нақты аймақтағы саланың ерекшеліктерін ескеру керек. Мұнай өндіруші елдер өндіру, қормен қамтылуы, сонымен қатар ішкі сұраныстың көлеміне байланысты айрықшаланады. Бірыңғай экономикалық интеграциялық құрылымға бірігу ЕЭО мүше мемлекеттердің біртіндеп ұлттық салық жүйесінің жақындасуына әкелуі керек. Біртіндеп салық салуды үйлестіру арқылы жанама салық салуды сәйкестендіру (алдымен ҚҚС және акциз бойынша) керек және салық базасын анықтауда және негізгі тікелей салық бойынша өндіру тәртібі бойынша жалпы ережелерді дайындауға алып келуі керек. Осындай кешенді бағыт 2020 жылы ішкі нарықтағы сұранымды жоғарылатып және полимер өнімдері мен полимер өндірісінің болжанып отырған профицитін толықтай жабып, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 ҚР Статистика бойынша Комитеті мәліметтері: stat.kz.gov.
- 2 Волкова А.В. Рынок крупнотоннажных полимеров. Полиэтилен. – Национальный исследовательский университет; Высшая школа экономики, 2016. – Ч. 1.
- 3 Информация о результатах анализа состояния и развития отрасли производства полимерной продукции государств-членов Евразийского экономического союза. – М.: Евразийская экономическая комиссия, 2015.
- 4 Волкова А.В. Рынок крупнотоннажных полимеров. Полипропилен, полистирол. – Национальный исследовательский университет; Высшая школа экономики, 2016. – Ч. 2.
- 5 Қазақстан Республикасы мұнай және газ министрлігі мәліметтері: [//www.mgm.gov.kz](http://www.mgm.gov.kz).
- 6 Ресей мемлекетінің 2030 жылға дейінгі мерзімге химия және мұнай-химия кешенінің даму стратегиясы. Редакциядан 14 қаңтар 2016 жыл, компания мәліметтері.
- 7 Аналитический обзор Евразийской экономической комиссии «Об основных социально-экономических показателях государств-членов Евразийского экономического союза за январь–декабрь 2015 года»: [// http://eec.eaunion.org/ru/act/integr_i_makroec/dep_stat/econstat/Documents/Indicators201512.pdf](http://eec.eaunion.org/ru/act/integr_i_makroec/dep_stat/econstat/Documents/Indicators201512.pdf) (дата обращения: 15.11.2016).

Аннотация

Республика Казахстан со стабильно развивающейся экономикой все свои силы направляет на диверсификацию экономики и создание перерабатывающих производств, на их развитие. Нефтехимические продукты, производимые в Казахстане, способствуют мультипликативному эффекту промышленного развития экономики, так как этот базовый продукт для отраслей, смежных с экономикой, является сырьем для производства продуктов промышленного и бытового направления, в частности, для производства строительных, оберточных, упаковочных материалов, пластмассовых изделий и инструментов, а также других видов продукции. Первым способом продвижения рынка полимерной продукции и роста конкурентоспособности нефтехимической продукции Республики Казахстан может быть охват развития внутреннего рынка стран-членов ЕЭС или увеличение потребления полимеров на душу населения. Рост населения и доходов на душу населения в развивающихся странах приводит к более быстрому росту потребления товаров, чем в развитых странах. Основной целью развития отрасли полимерных изделий является создание и расширение внутреннего рынка, что создаст условия для широкого применения современных полимерных материалов. Стимулом роста внутреннего потребления является замена импортной полимерной продукции, переход от экспорта полимеров к готовой продукции в целях получения мультипликативного эффекта в экономике.

Ключевые слова: нефтехимическая промышленность, глубокая переработка нефти и газа, полимерная промышленность, мультипликативный эффект, внутренний рынок, перерабатывающие производства.

Abstract

The Republic of Kazakhstan, as a state with a stably developing economy, directs all the efforts to diversify the economy and establishment of processing forces on their development. The petrochemical product produced in Kazakhstan, will impact multiplier effects of industrial development of the economy as it is the base main for industries related to the economy, it is the raw material for the production of industrial and household directions, that is, for construction, wrapping, packaging materials, plastic products and tools, as well as other products. The first way to promote the market of polymer products in the competitiveness of petrochemical products of the Republic of Kazakhstan may be to develop the domestic market of the EEU member countries or increase the consumption of per capita polymer. Population growth and per capita income are increasing in developing countries, which leads to a faster growth in consumption of goods than in developed countries. The main goal of the development of the polymer products industry is the creation and expansion of the internal market, which will create conditions for a wide application of modern polymer materials. The incentive for the growth of domestic consumption is the replacement of imported polymer products, the transition from the export of polymers to finished products in order to obtain a multiplier effect in the economy.

Key words: petrochemical industry, deep oil and gas refining, polymeric production, multiplier effect, inner market, processing plants.